

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Педагогика және психология негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. «Ұлы дидактика» еңбегінің авторы

- A) Ж.Ж.Руссо
- B) В.А.Сухомлинский
- C) И.Г.Песталоцци
- D) Я.А.Коменский
- E) К.Д.Ушинский

2. Білім беру мен оқытудың теориялық негіздерін зерттейтін ғылым саласы

- A) тәрбие теориясы
- B) мектептану
- C) дидактика
- D) арнаулы педагогика
- E) психология

3. Балалардың құқықтық сана-сезімін, қоғамдағы құқықтық нормалар мен мәдениетті сақтау, заңды құрметтеу дағдыларын қалыптастыруға ____ ықпал етеді

- A) Әлеуметтік тәрбие
- B) Құқықтық тәрбие
- C) Экологиялық тәрбие
- D) Азаматтық тәрбие
- E) Эстетикалық тәрбие

4. Бала санасында табиғатты қорғау, аялау сезімін қалыптастыруға ықпал етеді

- A) Әлеуметтік тәрбие
- B) Құқықтық тәрбие
- C) Экологиялық тәрбие
- D) Азаматтық тәрбие
- E) Эстетикалық тәрбие

5. Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістеріне жатады

- A) Жаттығу, тапсырма, тәрбиелік ситуация
- B) Жарыс, мадақтау, жазалау
- C) Ойын, насихат, қоғамдық пікір
- D) Әдеттену, баяндау, мадақтау
- E) Түсіндіру, тапсырма, этикалық әңгіме

6. Іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру әдістеріне жатады

- A) Талап, жаттығу, тәрбиелік ситуация
- B) Жарыс, насихат, жазалау
- C) Ойын, әңгіме, қоғамдық пікір
- D) Әдеттену, баяндау, мадақтау
- E) Түсіндіру, ойын, этикалық әңгіме

7. Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістеріне жатады

- A) Жаттығу, тапсырма, тәрбиелік ситуация
- B) Жарыс, мадақтау, жазалау
- C) Ойын, насихат, қоғамдық пікір
- D) Әдеттену, баяндау, мадақтау
- E) Түсіндіру, сендіру, этикалық әңгіме

8. Г.И. Щукина тәрбие әдістерін __ топқа бөліп жіктеді

- A) 6
- B) 5
- C) 4
- D) 3
- E) 2

9. Тәрбие әдісінің бір бөлігі, тәрбие мақсатына тез жету барысындағы тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің салған өзіндік соқпақтары

- A) Тәрбие құралдары
- B) Тәрбие амалдары
- C) Тәрбие заңдылықтары
- D) Тәрбие тәсілдері
- E) Тәрбиенің мәні

10. Тәрбие мақсаттарына сай тәрбиеленушілердің санасына, ерік-жігеріне, сезіміне, мінез-құлқына ықпал ету амалы

- A) Тәрбие құралы
- B) Тәрбие әдісі
- C) Тәрбие заңдылығы
- D) Тәрбиенің идеалы
- E) Тәрбиенің мәні

11. Адамның өзін-өзі іске асыруына, өздігінен дамуына мүмкіндік жасауды қамтамасыз ету

- A) Тәрбие құралы
- B) Тәрбие әдісі
- C) Тәрбие заңдылығы
- D) Тәрбиенің идеалы
- E) Тәрбиенің мәні

12. Мұғалімнің талдама-бағалау қызметі

- A) Оқушыларды зерттеп білумен және олардың даму, тәрбиелік деңгейін белгілеумен, анықтаумен байланысты
- B) Оқушыларды белгіленген тәрбие жұмысына жұмылдырумен байланысты
- C) Оқыту мен тәрбиелеу барысына талдау жасаумен, олардың жағымды жақтары мен кемшіліктерін анықтаумен байланысты
- D) Белгілі теорияның шеңберінен шығып, оны байытатын жаңалық атаулыны ой елегінен өткізіп, дамытумен байланысты
- E) Оқу-тәрбие қызметінің бағытын және оның әрбір кезеңіндегі нақты мақсат, міндеттерін анықтап, нәтижелеріне болжам жасай білумен байланысты

13. Мұғалімнің ұйымдастырушылық қызметі

- A) Оқушыларды зерттеп білумен және олардың даму, тәрбиелік деңгейін белгілеумен, анықтаумен байланысты
- B) Оқушыларды белгіленген оқу- тәрбие жұмысына жұмылдырумен байланысты
- C) Оқыту мен тәрбиелеу барысына талдау жасаумен, олардың жағымды жақтары мен кемшіліктерін анықтаумен байланысты
- D) Белгілі теорияның шеңберінен шығып, оны байытатын жаңалық атаулыны ой елегінен өткізіп, дамытумен байланысты
- E) Оқу-тәрбие қызметінің бағытын және оның әрбір кезеңіндегі нақты мақсат, міндеттерін анықтап, нәтижелеріне болжам жасай білумен байланысты

14. Мұғалімнің бағдар-беру, болжам жасау қызметі

- A) Оқушыларды зерттеп білумен және олардың даму, тәрбиелік деңгейін белгілеумен, анықтаумен байланысты
- B) Оқушыларды белгіленген тәрбие жұмысына жұмылдырумен байланысты
- C) Оқыту мен тәрбиелеу барысына талдау жасаумен, олардың жағымды жақтары мен кемшіліктерін анықтаумен байланысты
- D) Белгілі теорияның шеңберінен шығып, оны байытатын жаңалық атаулыны ой елегінен өткізіп, дамытумен байланысты
- E) Оқу-тәрбие қызметінің бағытын және оның әрбір кезеңіндегі нақты мақсат, міндеттерін анықтап, нәтижелеріне болжам жасай білумен байланысты

15. Қысқа мерзімді естің мәні

- A) шынайы ақпарат
- B) қамту көлемі шексіз
- C) толық, дәл оқиға
- D) нақты бейне сақтау
- E) жалпыланған шағын ақпарат

16. Қиялдың физиологиялық негізі

- A) ескі жүйке байланыстарының шектелуі
- B) интерференция
- C) ескі жүйке байланыстарының қозуы
- D) жүйке байланыстарының жаңа жүйеде бірігуі
- E) мидағы бейнелердің көшуі

17. Өзіндік жаңа образдар және заттар жасаудан көрінетін қиял түрі

- A) арман
- B) агглютинация
- C) шығармашылық
- D) түс көру
- E) қайта жасау

18. «Аффэренттік» сөзінің мағынасы

- A) жасаушы
- B) қабылдаушы
- C) шығарушы
- D) өткізуші
- E) жеткізуші

19. Көздің түрліше қашықтықтағы заттарды көруге бейімделу қабілеті

- A) аккомодация
- B) апперцепция
- C) дивергенция
- D) конвергенция
- E) галлюциация

20. Синестезия құбылысының мәні

- A) төмендеу
- B) икемделу
- C) қосарлану
- D) өзара ықпал
- E) жоғарылау

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Қазақ тілі
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырауынан пайда болатын дыбыстар

- A) дауысты дыбыстар
- B) қатаң дыбыстар
- C) үнді дыбыстар
- D) ұяң дыбыстар
- E) дауыссыз дыбыстар

2. Дыбыстардың жазудағы таңбасы

- A) сурет
- B) сөз
- C) дыбыс
- D) сөйлем
- E) әріп

3. Сөздердің мағынасы, тұлғасы, сөйлемде атқаратын қызметіне қарай бөлінуі

- A) сөз таптары
- B) атауыш сөздер
- C) көмекші сөздер
- D) одағай сөздер
- E) сөз тіркесі

4. Сөйлемнен қимыл-сын (амал) пысықтауышын табыңыз

Кеше шопанның үні мейірімді естілді

- A) шопанның
- B) үні
- C) мейірімді
- D) естілді
- E) кеше

5. Ащы менен тұщыны татқан білер, алыс пенен жақынды жортқан білер сөйлеміндегі бірыңғай мүшенің түрі

- A) толықтауыш
- B) бастауыш
- C) пысықтауыш
- D) баяндауыш
- E) анықтауыш

6. Түбір тұлғасын сақтамай біріккен сөздер

- A) қарлығаш
- B) бұлбұл
- C) қонақасы
- D) киікоты
- E) көрімдік

7. Сөйлемнің ішінде сөздердің басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі сұрақтарға жауап беріп, синтаксистік қызмет атқаруы

- A) сөйлем
- B) туынды сөз
- C) жалғау
- D) сөз тіркесі
- E) сөйлем мүшесі

8. «Тау жақтан ескен самалдың лебі салқын» сөйлеміндегі есім сөздерден болған дара баяндауыш

- A) самалдың
- B) тау жақтан ескен
- C) салқын
- D) ескен
- E) лебі

9. Ашса сөзінің дұрыс айтылуы

- A) аща
- B) асша
- C) ашжа
- D) ашза
- E) ашша

10. Негізгі сөздік қорға жататын сөздер

- A) жиен, шаңырақ, үш, кел, көк
- B) сіріңке, кеуірт, оттық, шырпы, шақпақ
- C) логарифм, квадрат, куб, аксиома, синус
- D) компьютер, дизайн, смартфон, айфон
- E) сым, там, буызы, маңлай, бұяқ, жоян

11. Жұрнақтың атқаратын қызметі

- A) сөз бен сөзді байланыстырады
- B) сөз мағынасын өзгертеді, түрлендіреді
- C) сөзге қосымша мағына береді
- D) сөз мағынасын өзгертпейді
- E) сөз қосымша реңк береді

12. Бірігу жолымен жасалған туынды сөз

- A) көнетоз
- B) сарғыш
- C) береген
- D) күндіз
- E) түмен

13. Жалғаулар арқылы байланысқан тіркес

- A) асфальт туралы ойлады
- B) асталытты көше
- C) қалың асфальт
- D) тегіс асфальт
- E) асфальтті күреді

14. Етістіктен жасалған туынды зат есім

- A) жаңалық
- B) биші
- C) кітап
- D) сызғыш
- E) шегеле

15. Бірыңғай мүшелердің арасына қойылатын үтір белгісі

- A) Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы (А.)
- B) Батыл жігіт қол бастар, ақын жігіт той бастар (М.)
- C) Тыңда, дала, Жамбылды! (Ж.)
- D) Е, қайырлы қоныс болсын! (Ғ.М.)
- E) Айналайын, келінжан, өркенің өссін! (М.Ә.)

16. Анықтауыш қызметіндегі болжалдық сан есім

- A) Бір түн отырып адамдарын төрттен, бестен жинап алды
- B) Бастық кеңсеге бүгін үш келді
- C) Солардың ішінде ең жақсылары он екінші номер екен
- D) Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар
- E) Бірер адам машина қасында қалды

17. Күн түс ауа жылынып, сызды дала бусанып, ауыл сыртында әдемі бір көрініс туып еді

- A) көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
- B) аралас құрмалас сөйлем
- C) сабақтас құрмалас сөйлем
- D) салалас құрмалас сөйлем
- E) күрделі сөйлем

18. Үйірлі толықтауышы бар сөйлем

- A) Өтірікшінің шын сөзі зая
- B) Түсі игіден түңілме
- C) Әлін білмеген әлек
- D) Адамды заман билейді
- E) Тәртіпке бағынған құл болмайды

19. Мәтелге берілген анықтама

- A) бөліп-жаруға келмейтін және оның тұтас мағынасы құрамындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тұтастырма сөздер
- B) құрамындағы сөздердің біреуі немесе бірнешеуі өзінің бастапқы лексикалық мағынасын сақтап қалатын сөздер тобы
- C) өмір құбылысын жинақтай отырып, түйінді пікір айтатын ықшам сөз өрнегі
- D) халық арасына көп тараған белгілі бір ойға, ұғымға ишара жасайтын, астарлы айту мәні басым халық мұрасы
- E) көне жазба нұсқаларда қолданылатын бүкіл түркі тілдеріне ортақ сөздер

20. *Аяғы жоқ, -жүреді, аузы жоқ, -сөйлейді (Жұмбақ)*

сөйлеміндегі сызықшаның қойылу себебі

- A) бастауыш пен баяндауыштың арасына
- B) жалғаулық шылауы түсірілген қарсылықты салалас
- C) оңашаланған айқындауыш мүшеде
- D) диалог сөздің алдында
- E) жалпылауыш сөздің алдында

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Ашық буынды сөз

- A) әкетай
- B) анасы
- C) ақыл
- D) аға
- E) елік
- F) еліне

22. Тасымалданбайтын сөзі бар сөйлем

- A) Сәлем – сөздің анасы
- B) Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік
- C) Жақсы сөз – жарым ырыс
- D) Тәрбие басы – тіл
- E) Бал тамған тілден у да тамар
- F) Мақал – сөздің мәйегі

23. Буын үндестігіне бағынбай тұрған сөз

- A) Шебер
- B) Кітап
- C) Өнерпаз
- D) Ойыншық
- E) Қазақстан
- F) Қаламгер

24. Сөзжасамның зерттеу нысаны

- A) тіл дыбыстары
- B) сөзжасамдық тәсілдер
- C) сөз тұлғасы
- D) сөз құрамы
- E) сөзжасамдық бірліктер
- F) сөз тіркесі

25. Анықтауыш қызметіндегі белгісіздік есімдігі

- A) Біреулер көліктен түсті
- B) Әлдеқайдан домбыра күйі естілді
- C) Кей адам ойланбай сөйлейді
- D) Ол әлденені сылтауратып жиі келеді
- E) Арай бірнеше модель жасады
- F) Бұл сұрауға жауап бермеді
- G) Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп
- H) Сендер үйлеріңнің орнын өлшеңдер

26. Есімді сөз тіркесі

- A) темір күрек
- B) биік тау
- C) гүлді суарды
- D) кеше оқыған
- E) оныншы тұрды
- F) үйден келдім
- G) білгенге айтамын
- H) ақ сары қыз

27. Орфографиялық заңдылыққа сай жазылмаған сөз

- A) ою
- B) екі-үш
- C) топрақ
- D) жазшы
- E) қиу
- F) жыйын

28. Меңгеріле байланысқан сөз тіркесі

- A) әжемнің әңгімесі
- B) орындалған арман
- C) ғалымды көрсеңіз
- D) таяғын беру
- E) ғылыммен айналысу
- F) ағаш аяқ

29. Жақшаға алынатын қатар

- A) мағынасы әр түрлі сөздер
- B) төл сөз ретінде алынған сөздер
- C) қыстырма мәнді сөз, сөз тіркесі не сөйлем
- D) драмалық шығармаларда кейіпкердің жүріс-тұрысын көрсететін сөздер
- E) объекті етіп алынған сөздер
- F) үзінді алынған шығарма, авторын көрсететін түсініктер

30. Сөзжасамдық тәсілдер

- A) ішкі флексия тәсілі
- B) көмекші сөздер тәсілі
- C) синтетикалық тәсіл
- D) сөздердің орын тәртібі
- E) түбірге жалғаудың қосылу тәсілі
- F) аналитикалық тәсіл
- G) лексико-семантикалық тәсіл
- H) көмекші сөздер тәсілі

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Нұр-Сұлтан – Қазақстан Республикасының астанасы

Астана (1998 жылдың 6 мамырына дейін - Ақмола) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Парламентінің мақұлдауымен Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды.

Қазақстанның жаңа елордасы – Астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілді.

1920 жылдан бастап Қазақстанның тұңғыш астанасы Орынбор қаласы (қазірде Ресей Федерациясындағы) болды. 1925 жылы Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласына көшірілді. Түркісіб құрылысы астананы Алматыға көшіруде басты себеп болды. Бұл заң жүзінде 1927 жылғы 3 сәуірде, іс жүзінде 1929 жылы жүзеге асырылды.

Нұр-Сұлтан халықаралық іскерлік және мәдени орталыққа айналып келеді. Қалада әкімшілік, іскерлік, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білім беру және бизнес-орталықтардың, тұрғын үй кешендерінің, алдыңғы қатарлы мемлекеттер астаналарының стандарттарына сай келетін елордалық инфрақұрылым нысандарының құрылысы жанданып, бой көтерілуде.



31. Астана Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды

- A) 1997 жылғы 10 желтоқсан
- B) 1998 жылғы 15 қаңтар
- C) 1999 жылғы 20 сәуір
- D) 1996 жылғы 22 қазан
- E) 1995 жылғы 25 қараша

32. Елорда сөзінің құрамы

- A) қос сөз
- B) тіркескен сөз
- C) қысқарған сөз
- D) туынды түбір
- E) біріккен сөз

33. Зат есімдер: Астана, Орынбор, Қазақстан Республикасы, Ақмола

- A) Жалпы есім
- B) Жалқы есім
- C) Сапалық сын есім
- D) Дерексіз зат есім
- E) Ғаламзат зат есімі

34. 1997 жылғы 20 қазанындағы тіркесіндегі сан есім

- A) Бөлшектік сан есім
- B) Жинақтау сан есімі
- C) Реттік сан есім
- D) Есептік сан есім
- E) Топтау сан есімі

35. Жарияланды, өткізілді сөзі

- A) зат есім
- B) сапалық сын есім
- C) үстеу
- D) болымды етістік
- E) одағай

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Адырна



Адырна – қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан көп ішекті музыка аспабының бірі. Ежелгі заманда бұл аспапты аңшылар ұстаған. Садақ атып, жебе тартып, аң-құстарды аулаған. Әуелде адырна садақ пішінді болды. Кейін бұл аспапты бұғы, марал, арқар тұрпатты аңдардың тұлғасына ұқсастырып жасады. Әуелі ағаштан құрап шанақ, мүйіз жасалынып, шанақтың асты-үсті терімен қапталады. Мүйізге жағалай құлақтар бекітіліп, ішіктер байланады. Сөйтіп, аспапты екі тізенің үстіне қойып, оң қол, сол қол саусақтарымен іліп тартып ойнайды.

36. «Садақ атып, жебе тартып, аң-құстарды аулаған» сөйлеміндегі етістік

- A) аулаған
- B) жебе
- C) садақ
- D) аң-құстарды
- E) құстар

37. «Мүйізге жағалай құлақтар бекітіліп, ішіктер байланады» сөйлемі

- A) жай сөйлем
- B) салалас құрмалас сөйлем
- C) аралас құрмалас сөйлем
- D) сабақтас құрмалас сөйлем
- E) сөз тіркесі

38. «Ежелгі заманда бұл аспапты аңшылар ұстаған» сөйлеміндегі туынды зат есім

- A) ежелгі
- B) аспапты
- C) заманда
- D) аңшылар
- E) ұстаған

39. «Терімен қапталады» тіркесі

- A) меңгеріле байланысқан есімді тіркес
- B) қабыса байланысқан есімді тіркес
- C) меңгеріле байланысқан етістікті тіркес
- D) матаса байланысқан есімді тіркес
- E) жанаса байланысқан етістікті тіркес

40. «Әуелі» сөзіндегі буындар

- A) бітеу буын
- B) ашық буын
- C) тұйық буын
- D) ашық, тұйық буын
- E) ашық, бітеу буын

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.